

«№19 Қ.Сәтпаев атындағы мектеп–гимназия»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Бұйрық Н-№144

Атырау қаласы

«26» желтоқсан 2022 жыл

**Білім алушыға материалдық  
көмек көрсету туралы**

Қазақстан Республикасының Үкіметінің «Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күн көрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысын басшылыққа ала отырып, «№19 Қ.Сәтпаев атындағы мектеп-гимназия» мектебінің алқа кеңес отырысының 2022 жылғы 26 желтоқсандағы №3 хаттамасының шешімін негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «№19 Қ.Сәтпаев атындағы мектеп-гимназия» бойынша оқу-құралдарын қажет ететін әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күн көрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушылар санатындағы оқушылардың тізімі бекітілсін (Қосымша 1).
2. Оқу-құралдарды оқушылардың заңды тұлғаларына (ата-анасына) беру әлеуметтік педагог Ш.Сыналбековаға міндеттелсін.
3. Мектептің бас есепшісі Г.Есмағамбетова жалпыға міндетті оқу қорынан бөлінген қаржыны тағайындау кезіндегі есептеу жұмыстарын жүргізісін.
4. Осы бұйрықтың орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп-гимназия директоры



Б.Б.Гапуова